

**Халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың 2010 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы**

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 30 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 наурызда № 9-3-124 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың 2010 жылға арналған қосымша тізбесі белгіленсін:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім түлектері;  
үш және одан да көп ай жұмыс істемеген жұмыссыздар;  
бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (еңбек өтілі жоқ);  
қырық бес жастан асқан жұмыссыздар;  
маусымдық және уақытша жұмыстарға қатысқан жұмыссыздар;  
жиырма төрт жасқа дейінгі жастар;  
уәкілетті органның жолдауымен кәсіби даярлықты және (немесе) қайта даярлықты, біліктілігін арттыруды бітірген жұмыссыздар.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2010.09.03 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.*

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Ш. Шахметовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а

әкімі

*Т. Төлеубаев*

Келісілді:

"Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с т ы ғ ы

*К. Омарова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК